




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

ҚЫРКҮЙЕК 2024

2024 жылдың қыркүйек айында жылдық инфляция төмендеуін жалғастырып, 8,3%-ға түсті. Алайда дезинфляция қарқыны баяулап келеді.

Жылдық азық-түлік инфляциясының төмендеуі өңдеу өнеркәсібіндегі бағалар мен ауыл шаруашылығы өнімдері бағаларының өсу қарқыны баяулағанына байланысты болды.

Бірақ, кейінгі айларда бұл көрсеткіштердің жеделдегені байқалып отыр.

Тұрақты тұтынушылық сұраныстың сақталуы және теңгенің әлсіреуі салдарынан туындаған инфляцияға қарсы қысым жағдайында, азық-түлікке жатпайтын жылдық инфляция азық-түлік инфляциясынан асуда. Жанар-жағармай бағасының әлсіз өсуі инфляцияны төмендететін әсер етеді.

Қызмет көрсету саласындағы инфляция өткен айдағы деңгейде қалды. Бұл нарық қызметтері сегментіндегі жылдық инфляцияның бәсеңдеуі мен реттелетін тұрғын-үй коммуналдық қызмет тарифтерінің өсу қарқыны жеделдеуінің тепе-теңдігімен түсіндіріледі.

2024 жылғы қыркүйекте жылдық инфляция одан әрі баяулап, 8,3% болды (2024 жылғы тамызда – 8,4%). Бағалардың бір айдағы өсу қарқыны да алдыңғы аймен салыстырғанда бәсеңдеп, 0,4%-ға түсті (0,6%). Дегенмен, бұл көрсеткіш 2017-2021 жылдар аралығындағы орташа тарихи деңгейден (0,3%) әлі де жоғары болып отыр.


Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляцияның айлық көрсеткіші 0,63%-ға дейін баяулады (0,79%) (1-график).

1-график. Инфляция көрсеткіші, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеуі

Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция құрылымында барлық құрамдас бөліктің, әсіресе қызмет көрсету саласындағы инфляцияның баяулағаны байқалады. Алайда инфляция компоненттерінің жылдық өсімі әлі де мақсатты деңгейден жоғары болып тұр.

Маусымдық түзетулерді ескергенде, бір айда тауарлар мен қызметтерден жеміс, тұрмыстық құралдар, шыныдан жасалған бұйымдар, асхана құралдары, аудиовизуалды жабдықтар мен фотоаппараттар, ақпарат өңдеу құрылғылары, жеке қолдануға арналған электр құралдары, сондай-ақ аурухана қызметі арзандағаны байқалды. Сонымен қатар, көкөніс, білім беру қызметі, сумен жабдықтау, тұрғын үйді жалға алу, автомобиль және қатты отын (көмір, ағаш) бағасы өскені тіркелді (2-график).

Әртүрлі әдістер¹ арқылы есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның медианалық мәні алдыңғы кезеңдегі 0,56%-бен салыстырғанда аздап баяулап, айлық мәнде 0,55%-ға жетті (3-график).

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік инфляциясы

2024 жылғы қыркүйекте азық-түлік бағасының жылдық өсу қарқыны 5,1%-ға дейін баяулады. Жеміс-жидек пен көкөніс, ет және ет өнімдері, нан-тоқаш өнімдері мен жарма түрлері дезинфляциялық әсер беріп отырған негізгі фактор екені байқалады. Сонымен қатар, жұмыртқа, май және тоң май азық-түлік инфляциясына инфляциялық үлес қосты (4-график).

4-график. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентілі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

2024 жылғы қыркүйекте азық-түлік бағасының айлық мәндегі өсімі 0% болды (2024 жылғы тамызда – 0%). Айта кету керек, тарихи тұрғыда қыркүйек айында азық-түлік бағасы 0,1%-ға төмендейтін (2017-2021 жылдар аралығындағы қыркүйектегі орташа көрсеткіш). Азық-түліктің бір айдағы инфляциясына май мен тоң майдың, сондай-ақ жұмыртқаның қымбаттағаны инфляциялық қысым түсірді. Сонымен қатар, жеміс-жидек пен көкөніс бағасының төмендеуі және қант, джем, бал, шоколад және кондитерлік өнімдер бағасының өсу қарқыны баяулағаны бұл көрсеткіштің төмендеуіне ықпал етті.

Жұмыртқа бағасының 6%-ға өсуі бір айдағы азық-түлік инфляциясының жоғарылауына әсерін тигізген негізгі факторлардың бірі болды (2024 жылғы тамызда 1,4%-ға төмендеген). Бұл өсімге ықпал еткен негізгі фактор – ауыл шаруашылығында жұмыртқа өндірушілер бағасының айтарлықтай өсуі. Сондай-ақ біршама уақыттан бері май мен тоң май бағасының өсуі де тұтыну инфляциясына қосымша қысым түсіріп, 2024 жылғы қыркүйекте 1,8%-ға (1,1%) жетті. Ауыл шаруашылығында күнбағыс дәнін өндірушілердің бағасы жеделдеп, май мен тоң май өндірушілердің өңдеу өнеркәсібіндегі бағалары өсті. Бұл тұтыну бағаларының өсуіне себеп болды. Бұдан бөлек, май мен тоң май бағасының өсуіне әлемдік май бағасының қымбаттауы да жанама әсер етті.


Бір айдағы азық-түлік инфляциясының төмендеуіне жеміс-жидек пен көкөніс, қант, джем, бал, шоколад және кондитерлік өнімдер сияқты тауарлар әсер етті. 2024 жылдың қыркүйек айында жеміс бағасы 3%-ға, көкөніс 4,3%-ға түсті. Соның ішінде жемістен – жүзімнің (-10,3%), банан (-4,7%) мен алма (-3,6%) бағасының түсуі төмендеу трендіне ерекше әсер етті. Бұл ретте көкөністен – картоп (-13,5%) пен сәбіздің (-11,9%) және пияз (-10%) бағасының төмендегені байқалды. Жеміс-жидек пен көкөніс бағасы жыл сайын шілде-қыркүйек аралығында айтарлықтай төмендейді. Бұл маусымдық тренд Қазақстанда және көршілес елдерде жеміс пен көкөністің пісіп, жинала бастайтынына байланысты байқалады. Сол жерлерден импортталатын өнім бағасына әсер етеді.

2024 жылғы қыркүйекте қант, джем, бал, шоколад және кондитерлік өнім бағасының өсу қарқыны тамыз айындағы 0,8%-дан қыркүйекте 0%-ға дейін бәсеңдегені байқалды. Барлық негізгі позиция бойынша баға төмендеді немесе өсу қарқыны бәсеңдеді. Бұл сегменттегі дезинфляцияның негізгі себебі – қант өндірушілердің бағаны айтарлықтай төмендеткені. Сонымен қатар, какао, шоколад және қант қосылған кондитерлік өнім өндірушілердің бағаны төмендетуі де айтарлықтай әсер етті.

Азық-түліктің әлемдегі және ішкі бағасы

2024 жылғы қыркүйекте өсімдік майын қоспағанда, барлық негізгі азық-түліктің ішкі бағасы сыртқы бағадан асып түсті. Өсімдік майынан басқа барлық түр бойынша ішкі және сыртқы баға арасындағы айырмашылық әлемдік бағалардың айтарлықтай өсуі нәтижесінде қысқарды.

5-график. Дәнді дақылдар, нан-тоқаш өнімдері мен жарма, ұн, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі²


2024 жылғы қыркүйекте өсімдік майының әлемдік бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда айтарлықтай өсіп, 4,6%-ға жетті (АҚШ долларымен). Осылайша сыртқы бағаның өсу қарқыны ішкі бағаның өсу қарқынынан әлі де алда тұр.

Өсімдік майының әлемдік және ішкі бағалары арасындағы айырмашылықтың өсуі өнімнің әлемдік нарықта ішкі нарықпен салыстырғанда айтарлықтай қымбаттауына байланысты болды (6-график).

Үш ай қатарынан төмендеген әлемдік астық бағасы 2024 жылғы қыркүйекте айлық мәнде 3%-ға өсті (АҚШ долларымен). Бұл өсім астық экспорттаушы елдерде байқалған астық жинауға әсер еткен қолайсыз ауа райына байланысты болды.

Әлемдік бағалардың өсуі және 2024 жылғы қыркүйекте теңгенің 0,3%-ға әлсіреуі, өңделген астық өнімдерінің (нан-тоқаш, жарма, ұн) ішкі бағаларының өсімі біршама төмендегені теңгемен есептелген ішкі және сыртқы бағалар арасындағы айырмашылықтың қысқаруына әкелді (5-график).

6-график. Өсімдік майлары, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

² Мұндағы және 6,7,8 кестелердегі есептеулер теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамымен жүргізілді

7-график. Қант, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Еттің әлемдік бағасы құс етіне деген сұраныстың артуына байланысты алдыңғы аймен салыстырғанда 0,4%-ға өсті (АҚШ долларымен).

Қазақстанда еттің тұтыну бағасы 2024 жылғы қыркүйекте біршама төмен өсуі, әлемдік бағалардың өсуі және теңгенің әлсіреуі еттің ішкі және сыртқы бағалары арасындағы айырмашылықтың қысқаруына ықпал етті (8-график).

8-график. Ет, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік емес тауарлар инфляциясы

2024 жылғы қыркүйекте азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсімі 7,6%-ға дейін баяулады (2024 жылғы тамызда – 7,7%). Тауарлар құрылымында киім-кешек пен аяқкиім, сондай-ақ жеке қолдануға арналған тауарлар нарығында дезинфляциялық үрдістер байқалады (9-график). 2024 жылдың басынан бері тек 0,2%-ға өскен жанар-жағармай бағасы азық-түлік емес жылдық инфляцияның төмендеуіне жанама әсер етіп отыр.

Сонымен қатар, тұрмыстық заттар мен автокөлік бағасының жылдық өсімінің жеделдеуі азық-түлік емес инфляцияның жоғарылауына қысым түсіріп отыр.

9-график. Тауарлардың азық-түлік емес жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы қыркүйекте азық-түлік емес тауарлар бағасының бір айдағы өсімі 0,6%-ға дейін баяулады (2024 жылғы тамызда – 0,8%). Азық-түлік емес тауарлардан айлық инфляцияның баяулауына көп үлес қосқан – аудиовизуалды жабдықтар бағасының өсу қарқыны төмендеуі болды (-6%). Жанама дезинфляциялық әсер жеке қолдануға арналған электр құрылғылары бағасының төмендеуі (-10,8%), шыны бұйымдар, ас үй жабдықтары және тұрмыстық заттар (-2,6%), сондай-ақ тұрмыстық құрылғылар (-1,5%) бағасының төмендеуіне байланысты байқалды.

Сонымен қатар, қатты отын (2,6%), дәрі-дәрмек, емдік шараға арналған құралдар мен аппараттар (0,9%) бағасының өсу қарқыны жеделдегені байқалды. Қатты отынның қымбаттауы қыркүйек айында жылу маусымының басталуына байланысты болды. Дәрі-дәрмек бағасының өсу қарқынының жеделдеуі, өз кезегінде, фармацевтикалық препараттар мен медициналық материал өндірушілер бағасының өсуіне байланысты байқалып отыр.


Қызмет көрсету инфляциясы

2024 жылғы қыркүйекте қызмет көрсету бағаларының жылдық өсімі алдыңғы ай деңгейінде сақталып, 13,6% болды (10-график). Бір айдағы баға өсімі 2024 жылғы тамыздағы 1,1%-дан 1%-ға дейін баяулады.

Қызметтер арасында байланыс қызметі бағасының (қыркүйекте – 0,2%, тамызда – 2,3%), амбулаториялық қызмет (қыркүйекте – 0,4%, тамызда – 0,8%) пен аурухана (-1,6%) және көлік қызметтері бағасының (-0,1%) айлық өсу қарқыны бәсеңдегені байқалды.

Сонымен қатар, кей нарық қызметтері бағасының айлық өсу қарқыны инфляцияның жоғарылауына әсер етті. Атап айтқанда, білім беру қызметтері бағасының өсу қарқыны қыркүйекте 6,3%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы тамызда – 0,3%). Мұның себебі – білім беру мекемелерінде оқу жылының басталғанына байланысты білім беру құнының маусымдық өсуі.


10-график. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылдың қыркүйек айында реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтерінің айлық өсімі алдыңғы аймен салыстырғанда баяулады (қыркүйекте – 1,2%, тамызда – 1,9%). Алайда жылдық мәнде бұл көрсеткіш 22,9%-дан (тамыз) 23,8%-ға (қыркүйек) дейін жеделдеді. 2024 жылғы қыркүйекте сумен жабдықтау тарифтері 6,2%-ға, электр қуаты – 1,2%-ға, су бұру – 1,1%-ға, ал газ – 0,1%-ға өсті. Ыстық су мен орталықтандырылған жылу тарифтері өзгеріссіз қалды (11-график).


11-график. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-қыркүйек, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы қыркүйекте өсімдік шаруашылығы өнімдерінің қымбаттауына байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағаны өсіре түсті. Өңдеу өнеркәсібінде өндіруші бағалары аралық және негізгі тауарлардың қымбаттауына орай өсті. Қызмет көрсету саласында теміржол және әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифтері одан әрі қымбаттады.

12-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %




Өңдеу өнеркәсібінде азық-түлік пен сусын өндірушілердің бағасы жылдық мәнде 3,1%-ға және 10,2%-ға өсті. Азық-түліктен сүт өнімдерінің бағасы көтерілді. Алайда нан-тоқаш, макарон, ұннан жасалған өнімдер және ұн-жарма өнімдерінің қымбаттау қарқыны баяулады. Сонымен қатар, дайын мал азығы, май мен тоң май бағасының төмендеу қарқыны да бәсеңдеп келеді. Қант өндірушілер бағасы жылдық мәнде 13,1%-ға төмендегені байқалды.


2024 жылғы қыркүйекте ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасы жылдық мәнде 0,4%-ға өсті. Өсімдік шаруашылығындағы дефляцияның баяулауы бидай бағасының өсуімен байланысты. Бірақ мал азығына арналған дәнді дақылдар мен жүгері бағасы да арзандай түсті.

Мал шаруашылығындағы баға өсімі 1,7%-ға дейін баяулады. Бұл құс етінің бағасы төмендегеніне және ірі қара мал бағасының өсу қарқыны бәсеңдегеніне байланысты болды. Бұл ретте жұмыртқа мен шикі сүт өндірушілердің бағаларында жылдық өсім байқалды (12-график).

13-график. Азық-түлік өндірушілердің бағасы ж/ж, %



14-график. Өнеркәсіптегі бағалар, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы қыркүйекте теміржол арқылы жүк тасымалдау тарифтері одан әрі қымбаттап, жылдық мәнде 13,3%-ға жетті. Әуе көлігі арқылы жүк тасымалдау құны өзгеріссіз қалды. Ал автокөлік арқылы тасымал бағасы жылдық мәнде 0,4%-ға өсті (15-график).

Азық-түлік емес тауарлардан отын-энергетика тауарлары бағасының өсу қарқыны жылдық есепте 2,4%-ға дейін баяулады. Аралық тауарлардың бағасы 9,2%-ға өсіп, өнеркәсіп сипатындағы қызметтер 7,6%-ға қымбаттады. Сонымен қатар, негізгі капитал тауарлары, құрылыс материалдары және ұзақ мерзімде пайдалануға арналған тауарлардың қымбаттауы баяу қарқынмен жүріп жатыр (14-график).

15-график. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ